

Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның 8D01503- Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) <u>диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u> 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының білім берудегі нормативтік құжаттары мен мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес келеді. Тақырыпты ашуда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауларында баяндалған стратегиялық міндеттердің, сондай-ақ 2023–2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасы сияқты мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттары негізге алынған. Зерттеу жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан гранттық негізде қаржыландырылған Жас ғалым 2023-2025 AP19175370– «Орта мектепте информатиканы аралас оқытуды жүзеге асыру үшін геймификация элементтері бар акпараттық-білім ортасын әзірлеу» жобасы бойынша жалғасуда. Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторант М.Е.Бедебаеваның қол жеткізген ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына, соның ішінде дәстүрлі оқытудан болашаққа бағытталған білім беруге көшуде жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселелері бойынша мектепте информатика курсына оқытуға қатысты теориялық білімдердің дамуына айтарлықтай үлес қосады . Өйткені, ғылыми еңбектер мен диссертациялық зерттеулерді сараптау нәтижесінде мектепте информатика пәнін оқытуда

			<p>қолданылып жүрген әдістердің қазіргі жай-күйі сипатталып, аралас оқыту технологиясының негізгі ұғымдары, модельдері мен қағидалары жүйеленген. CLIL технологиясының теориялық негіздері қарастырылып, жоғары сынып оқушыларын пәнді ағылшын тілінде оқыту жағдайында оны қолданудың ерекшеліктері көрсетілген. CLIL әдісімен сабақ жоспарлау және өткізу бойынша нақты ұсыныстар ұсынылып, пәндік мазмұн мен тілдік дағдыларды үйлестіретін тиімді модель әзірленген. «Алгоритмдеу және программалау» бөлімінің мазмұны ағылшын тілінде сараланып, оған сай тақырыптық тапсырмалар құрастырылған. Аралас оқыту технологиясы аясында информатика пәнін ағылшын тілінде оқытуда CLIL тәсілін қолдану әдістемесі сипатталып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеу арқылы дәлелденген.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Докторант М.Е. Бедебаеваның диссертациялық еңбегі ғылыми талаптарға сай, дербес әрі түсінікті тілмен жазылған. Жұмыстың мазмұны жүйелі әрі жоғары ғылыми деңгейде баяндалған. Зерттеуші теориялық тұжырымдарын негіздеу барысында тиісті оқу материалдары мен ғылыми зерттеулерді терең талдап, өз көзқарасын нақты әрі тұжырымды түрде жеткізген.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертация өзектілігінің дәлелі негізделген. Зерттеу барысында диссертанттың мемлекеттік бағдарламаларға, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және білім берудегі практикаға жасаған талдауы нәтижесінде информатиканы ағылшын тілінде оқытуда аралас оқыту мен CLIL технологияларын қолдану қажеттілігі мен осы үдерісті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етудегі бірқатар қарама-қайшылықтарды анықтаған. Олар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ағылшын тілін меңгеру деңгейі әртүрлі білім алушылардың информатика пәнін сапалы игеруі үшін аралас оқыту технологиясын енгізудің

		<p>қажеттілігі мен осы бағыттағы ғылыми-әдістемелік зерттеулердің жеткіліксіздігі;</p> <p>- ағылшын тілінде информатика пәнін оқытуға деген сұраныстың артуы мен білім алушылардың пәндік терминологияны игерудегі тілдік құзыреттерінің жеткіліксіздігі арасындағы алшақтық.</p> <p>Бұл қарама-қайшылықтар зерттеу мәселесінің өзектілігін негіздейді</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Бұл жұмыстың мазмұны зерттеудің болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты: мектеп информатика курсына ағылшын тілінде оқыту процесінде аралас оқыту технологиясын пайдаланудың тиімділігін теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ оқу материалын меңгеру сапасын арттыруға ықпал ететін әдістемені жасау. Осы мақсатқа жету үшін анықталған міндеттер логикалық түрде өзара байланысты және тақырыпты ашады.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның құрылымы, бөлімдерінің мазмұны мен алынған ғылыми нәтижелері логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Зерттеу жұмысы теориялық және практикалық тұрғыда біртұтастығымен ерекшеленіп, негізгі қорытындыларының жүйелілігімен сипатталады. Диссертанттың ғылыми нәтижелерді ұсынудағы жүйелілігі ерекше назар аударарлық, өйткені жұмыстың мазмұны зерттеу мақсат-міндеттерімен тығыз байланыста құрылып, логикалық түрде ашылған.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Зерттеу барысында автордың салыстырып жүргізген және бағалаған шешімдерінде сыни талдау бар. Зерттеу шеңберінде жалпы орта білім беруге арналған мемлекеттік стандарттар, информатика пәніне қатысты оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жан-жақты зерделенген. Ұсынылған әдістердің тиімділігі теориялық және практикалық тұрғыдан негізделіп, олар басқа зерттеушілер ұсынған тәсілдермен салыстырмалы талдау арқылы дәлелденген.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Докторант М.Е. Бедебаеваның зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Бірінші ғылыми нәтиже</i> – мектептегі информатика курсының оқытудың мазмұндық желісі мен қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерге жан-жақты талдау жүргізіліп, информатиканы оқытудың қазіргі жай-күйі анықталуы толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Екінші ғылыми нәтиже</i> – информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту процесінде аралас оқыту технологиясы мен CLIL технологиясын қолданудың тиімділігі теориялық тұрғыдан негізделуі толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Үшінші ғылыми нәтиже</i> - аралас оқыту технологиясы мен CLIL технологиясын қолдану жағдайында информатика пәнінің мазмұны мен тілдік құзыреттерді интеграциялау моделі толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Төртінші ғылыми нәтиже</i> – аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатика курсының "Алгоритмдеу және программалау" бөлімін ағылшын тілінде оқыту әдістемесі әзірленуі толығымен жаңа болып табылады.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ізденушінің зерттеуі мектепте информатиканы ағылшын тілінде оқыту процесінде аралас оқыту мен CLIL технологияларын қатар қолданудың жаңа әдістемесіне қатысты қорытындылары бұрынғы зерттеулерден ерекшеленіп, білім беру саласындағы маңызды жаңалық болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>М.Е. Бедебаеваның ұсынған аралас оқыту технологиясы негізінде мектепте информатиканы ағылшын тілінде оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Бұл зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдар, ендіру актілері және тәжірибелік-экспермент жұмыстың нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдарымен расталады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Зерттеу барысында ұсынылған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негізі мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамалық құжаттарға және ғылыми теорияларға сүйенуімен, зерттеліп отырған мәселенің ғылыми тұрғыдан зерделену деңгейінің анықталуымен, сондай-ақ түрлі ғылыми салалардағы ой-пікірлерді жан-жақты саралау нәтижесінде анықталған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер мен тұжырымдар теориялық әрі практикалық жағынан маңызды. Жұмыстың қорытындылары ғылыми-тәжірибелік негізде дәлелденіп, математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтыланған және негізгі нәтижелері 13 ғылыми-әдістемелік жарияланымда көрініс тапқан.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p>	<p>Диссертант М.Е.Бедебаева диссертациялық жұмыс бойынша төрт қағида ұсынған:</p> <p>7.1 Қағидалар теориялық, әдістемелік және практикалық зерттеу барысында толығымен дәлелденген.</p>

	<p>3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.2 Тривиалды емес, себебі информатиканы ағылшын тілінде оқытуда аралас оқыту мен CLIL технологияларын интеграциялау моделі жасалып, пәндік мазмұн мен тілдік дағдыларды өзара кіріктіре меңгеруге мүмкіндік беретін әдістемесі әзірленген.</p> <p>7.3 Ия, диссертациялық жұмыстың әрбір қағидасы жаңа болып табылады. Өйткені <i>бірінші қағида</i> информатика курсының мазмұндық құрылымы мен қолданылып жүрген оқыту әдістеріне талдау жасап, оларды заманауи білім беру талаптары мен технологиялық даму процестеріне сай үйлестіру қажеттігін көрсетумен дәйектелген. <i>Екінші қағида</i> ағылшын тілінде информатика пәнін оқыту процесінде аралас оқыту технологиясы мен CLIL технологиясын интеграциялауға негізделген. <i>Үшінші қағидада</i> аралас оқыту форматында пәндік және тілдік мазмұнды ықпалдастыра оқыту моделін информатиканы ағылшын тілінде оқытудың әдіснамалық ұстанымы ретінде көрсеткен. <i>Төртінші қағидада</i> авторлық әдістеме негізделіп, педагогикалық эксперимент нәтижесінде дәлелденген.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыстың қолданбалық деңгейі зерттеу пәні бойынша жаңа әдісті ұсынуында, оны оқыту процесінде қолдану ауқымы кең.</p> <p>7.5. Диссертацияның негізгі қағидалары 13 мақалада жарық көрген. Диссертант зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндаған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Информационно-коммуникационная предметная среда как инструмент использования технологий смешанного обучения. // Наука и мир Казахстана. – 2020. – №9. – С. 133–140. - Онлайн білім беру платформалары арқылы аралас оқыту технологиясын қолдану. Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – Т. 3. – №125. – Б. 127-140.
--	--	---

			<p>- Информатика мұғалімдерінің аралас оқыту технологиясын қолдануға көзқарастары. // «Қазіргі ғылымдағы өзекті мәселелер – 2023» ХҒПК материалдар жинағы. 2-том. – Түркістан, 2023. – Б. 313-317.</p> <p>- Методика смешанного обучения школьному курсу информатики с применением подхода CLIL. Многопрофильный научный журнал «3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация» /Педагогические науки. – 2024. – №2. – С. 154-165.</p> <p>- Информатиканы оқытуда CLIL технологиясын қолдану мүмкіндіктері. // «Заманауи білім беру: тәжірибе, проблемалар және перспективалар» атты ХҒПК жинақтары. 16 қазан, 2024 жыл. – Б. 510-515.</p>
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен</p>	<p>Иә, зерттеу жұмысының әдіснамалық құрылымы нақты және жүйелі түрде қалыптастырылған. Докторант зерттеудің әдіснамасы мен әдістемелік негіздерін анықтауда теория мен практиканың өзара байланысын, мазмұндық және әрекеттік тәсілдерді, сондай-ақ дидактикалық қағидаларды жетекшілікке алған.</p> <p>Ия, диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу барысында информатика пәнін ағылшын тілінде аралас оқытуда кездесетін қиыншылықтарды айқындау үшін google формада сауалнама жүргізілген және алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық-статистикалық әдістерін қолданып, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.</p> <p>Ия, докторанттың диссертациясында келтірілген теориялық қорытындылар мен әдістемелік материалдар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу барысында</p>

		<p>дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>тәжірибелік-эксперимент жұмысы Шымкент қаласы НЗМ білім беру ұйымының, Шымкент қаласы білім басқармасының "№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі базасында жүргізілген. Бұл диссертацияның Д қосымшасында берілген енгізу актілерімен дәлелденген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері оңтайлы өзгерістер динамикасын көрсеткен.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысында келтірілген маңызды тұжырымдар ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына мектепте информатиканы оқыту, соның ішінде ағылшын тілінде оқыту және оқытуда жаңа технологияларды қолдану мәселесі бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың педагогикалық әдебиеттеріне, анықтамалықтарға, оқу әдебиеттері мен оқу-әдістемелік құралдарға, әдістемелік нұсқаулықтарға сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксі</u></p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 151 библиографиялық атаулардан тұрады. Олар ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық-нормативтік, құжаттық, статистикалық, электрондық және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізбесін білдіреді.</p>
9	<p>Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Ия, диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Докторанттың жеткен нәтижелері терең ғылыми негіздемелермен дәлелденген. Зерттеу барысында цифрлық трансформация жағдайында мектептегі информатика курсына аралас оқыту технологиясын енгізудің қажеттілігі, сондай-ақ білім алушылардың пәндік және тілдік құзыреттерін кіріктірудің маңыздылығы жан-жақты дәлелденген. Аралас оқыту технологиясының теориялық негіздері мен негізгі қағидалары нақты тұжырымдалып, оны іске асыруға қажетті құралдар жүйеленіп, олардың жіктелісі ұсынылған. Сонымен бірге, информатика пәнін ағылшын тілінде</p>

			оқыту процесінде CLIL технологиясын қолданудың ерекшеліктері көрсетіліп, пәндік мазмұн мен тілдік құзыреттіліктерді кіріктіруге арналған әдістемелік тәсілдер әзірленген. Зерттеу қорытындылары негізді, мазмұнды және ғылыми жаңалығы нақты нәтижелермен көрсетілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Ия , диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық зерттеуде аралас оқыту форматы негізінде информатика курсының «Алгоритмдеу және программалау» бөлімін ағылшын тілінде оқытуға арналған мазмұн іріктеліп, тиісті оқу материалдары мен тапсырмалар жүйесі дайындалған және қолданылатын әдістер берілген. «Информатиканы оқытуда CLIL технологиясын қолдану» атты оқу-әдістемелік құрал мен оның ақпараттық-білім беру ортасы жасалып, оқу үдерісіне енгізілген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u> ; 3) <u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</u> .	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Әсіресе, автор әзірлеп, эксперименттік тәжірибеден өткізген «Информатиканы оқытуда CLIL технологиясын қолдану» атты оқу-әдістемелік құралы, ағылшын тіліндегі материалдар мен оларды қолдану әдістері диссертанттың негізгі қағидаларының мектеп деңгейінде ұсынылғанын айғақтайды. Дайындалған материалдар мен ресурстарды жалпы орта білім беру ұйымдарында және мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында пайдалануға болады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) <u>орташа</u> ; 3) <u>орташадан төмен</u> ; 4) <u>төмен</u> .	Ұсынылған диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары . Диссертациялық жұмыстың тілі мен стилі белгіленген талаптарға сай келеді. Зерттеу мазмұнында негізгі ұғымдар, терминдер мен анықтамалар жүйелі әрі жеткілікті деңгейде берілген. Сонымен қатар, диссертацияның құрылымы мен мазмұндық рәсімделуі ғылыми

		еңбектерге қойылатын стандарттарға толық сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер	Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс теориялық-әдіснамалық талаптарға сай жазылған. Дегенмен, диссертацияның құндылығын төмендетпейтін ескерту мен ұсыныстарды атап өтуге болады: 1. Диссертациялық жұмыста информатиканы ағылшын тілінде аралас оқытуда осы технологияның екі моделін қолдануға мысал келтірілген. Егерде аралас оқытудың басқа модельдерін қолдануға мысалдар келтірілгенде жұмыстың практикалық құндылығы арта түсер еді. 2. Диссертациялық жұмыста аз мөлшерде орфографиялық қате кездеседі (61, 67 беттер).
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертацияны қорғау мақалалар сериясы түрінде болмайды, дегенмен барлық жарияланымдар жоғары академиялық талаптарға сәйкес келеді. Мақалаларының мазмұны диссертация тақырыбынан ауытқымайды.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Ереженің 3.15 - тармағына сәйкес)	Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарға, сондай-ақ «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларына» толық сәйкес келеді, ал оның авторы «8D01503 – Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге толық лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к.



Кажиақпарова Ж. С.
КОЛЫН КҮӨЛАНДЫРАМЫН
ӨКІМШІЛІК БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
« 02 » 06 20 25 ж.
БАТЫС-ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ